

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Шортанды ауданының шекараларындағы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы

Мерзімі біткен

Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 қаңтардағы № С-24/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 ақпанда № 6384 болып тіркелді. Шешім 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Шешімнің қолданыста болу мерзімі - 01.01.2020 дейін (шешімнің 2-т.).

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы ""Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 50-бабына сәйкес, Шортанды аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Шортанды ауданының шекараларындағы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге арттырылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Аудандық мәслихаттың
сессия төрайымы

А.Фурта

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

Д.Отаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Шортанды ауданының
әкімі

Г.Сәдуақасова

26.01.2018 ж.

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
Ақмола облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер
департаментінің Шортанды
ауданы бойынша
мемлекеттік кірістер
басқармасы" Республикалық
мемлекеттік мекемесінің
басшысы

С.Әлмағанбетов

26.01.2018 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК